

## **Қылмыстық істер бойынша процестік шығындарды өндіріп алу туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 10 нормативтік қаулысы.

Сот практикасының біркелкілігін және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚПК) 22-тарауының процестік шығындарды өндіруді регламенттейтін нормаларын дұрыс қолдануды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

1. Процестік шығындар – бұл қылмыстық іс бойынша іс жүргізумен байланысты шығыстар, олар республикалық бюджет қаражаты немесе күдіктінің, айыпталушының, сотталған адамның, олардың заңды өкілдерінің қаражаты есебінен өтеледі, сонымен қатар қылмыстық сот ісін жүргізуге тартылған жеке тұлғаларға (жәбірленушілерге, жеке айыпталушыларға, куәлерге, сарапшыларға, аудармашыларға, куәгерлерге, адвокаттарға және т.б.) және заңды тұлғаларға (сараптамалық мекемелерге, қылмыстық қудалау органдарына және т.б.) төленетін төлемдер (сыйақылар).

ҚПК-нің 177-бабының 11) тармағы бойынша процестік шығындар түрлерінің тізбесі түпкілікті болып табылмайды.

2. Іс бойынша іс жүргізу кезінде қылмыстық-процестік заңнамада көзделген дәлелдемелерді жинаумен, зерттеумен және бағалаумен тікелей байланысты анықтау, тергеу органдарының және соттың шығыстарын процестік шығындарға жататын өзге де шығыстар деп түсінген жөн.

Оларға тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде бүлінген немесе жойылған заттардың құнын өтеуге, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде зақым келтірілген мүліктің құнын өтеуге, эксгумациялау мен жерлеу бойынша және т.б. шығыстарға байланысты шығыстар жатады.

Арнайы жедел-ізвестіру іс-шараларын, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге байланысты шығыстар процестік шығындарға жатпайды.

Жәбірленушілерді емдеуге жұмсалатын шығыстар процестік шығындар болып табылмайды, олар азаматтық қойылған талап бойынша ҚПК-нің 166-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қылмыстық іспен бір іс жүргізуде қаралуы тиіс.

3. ҚПК процестік шығындарды өндіру туралы белгілі бір өтініш нысанын көздемейді.

Қылмыстық процесті жүргізетін органның тағайындаумен заң көмегін көрсететін қорғаушының, өкілдің және аудармашының еңбегіне ақы төлеуге байланысты процестік шығындар олардың арызы бойынша өндіріледі.

Сот сараптамаларын жүргізуге байланысты шығыстар жүргізілген сот-сараптамалық зерттеу құнының есебі қоса берілген, сот сараптамалары органдарының растаушы құжаттарының негізінде өндірілуі тиіс.

Тергеу судьясы прокурордың ұсынуы бойынша процестік шығындарды өндіріп алуды қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында жүргізеді.

Мүдделі адамдардың арыздарында процестік шығындарды өтеу негіздерін растайтын мәліметтер және өндірілуге жататын сома көрсетілуі тиіс. Арызға тиісті құжаттар (анықтамалар, бұйрықтар, есеп сомалары және т.б.) қоса беріледі.

4. Сот қылмыстық іс мәні бойынша шешілген кезде процестік шығындарды өтеу мәселесін қарайды. Бұл ретте сот процестік шығындардың негізділігін растайтын, ұсынылып отырған құжаттарды тексеруге және зерттеуге міндетті.

Сот отырысында сотталушы адамға өндірілетін шығындардың сомасына және өзінің мүліктік жағдайына қатысты өз ұстанымын соттың назарына жеткізуге мүмкіндік беріледі. Іс бойынша бірнеше адам сотталған кезде сотталғандардан сот шығындары әрқайсысының кінәсінің сипаты, жауаптылық дәрежесі және мүліктік жағдайы ескеріліп, үлестік тәртіппен өндірілуі тиіс.

"Сот үкімі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының 44-тармағына сәйкес соттың процестік шығындарды өндіру туралы түйіндері үкімде уәжделуі тиіс. Үкімнің қарар бөлігінде процестік шығындардың қандай мөлшерде өндірілетіні және кімге жүктелетіні немесе мемлекет есебіне қабылданатыны көрсетіледі.

Қылмыстық іс бойынша процестік шығындарды өндіру азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешуге жатпайды.

5. Сот процестік шығындарды күдіктіге, айыпталушыға, сотталған адамға, олардың заңды өкілдеріне жүктеуі мүмкін немесе мемлекет есебінен қабылданады.

ҚПК-нің 67-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізетін орган тағайындаған қорғаушы міндетті түрде қатысқан кезде процестік шығындар мемлекет есебіне жатқызылады.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган қорғаушыны тағайындаған басқа жағдайларда процестік шығындар күдіктінің, айыпталушының, сотталғанның мүліктік дәрменділігі ескеріле отырып, жалпы тәртіппен өндіріледі.

Егер сот процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселені шешу кезінде сотталған адамның не заңды өкілінің мүліктік жағынан дәрменсіздігі туралы түйінге келсе (кәмелетке толмағандарға қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша), онда

процестік шығындар ҚПК-нің 178-бабы алтыншы бөлігінің ережелері бойынша бюджет қаражатының есебінен толық немесе ішінара өтелуі тиіс. Бұл ретте шешім

қабылдау кезінде адамның ақша қаражатының немесе өзге де мүлкінің болмауы оны мүліктік жағынан дәрменсіз деп тану үшін жеткілікті негіз болып табылмайтынын назарда ұстаған жөн.

Аталған адамдарды процестік шығындарды төлеуден толық немесе ішінара босату және оларды мемлекет есебіне жатқызу соттың құқығы болып табылады. Соттар мүліктік жағдайды анықтау кезінде сотталған адамның, заңды өкілінің жұмысының бар-жоғын, олардың отбасылық жағдайын, асырауындағы адамдардың санын және отбасының материалдық жағдайына елеулі ықпал ететін басқа да мән-жайларды мұқият анықтауы тиіс.

6. Сот, аудармашыға төленетін соманы қоспағанда, сотталған адамнан процестік шығындарды өндіріп алуға құқылы.

Сонымен қатар процестік шығындар жазадан босатылған (қылмыстық жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімінің өтуіне, шын өкінуіне, татуласуына, рақымшылық актісінің қолдануына байланысты) сотталған адамға жүктеледі.

Сотталушы ақталған немесе ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2) тармақтарына сәйкес іс тоқтатылған жағдайда процестік шығындар мемлекет есебіне қабылданады.

Қылмыстық іс бойынша сотталушы тағылған айыптың бір немесе бірнеше баптары бойынша ақталған немесе қылмыстық іс жекелеген эпизодтар бойынша ақтау негіздерімен тоқтатылған жағдайда, осы айыптаумен байланысты процестік шығындар мемлекет есебінен өтеледі.

Жекеше айыптау істер бойынша сотталушы ақталған кезде шағымы бойынша іс жүргізу басталған адамнан сот процестік шығындарды толық немесе ішінара өндіріп алуға құқылы. Егер қылмыстық іс тараптардың татуласуына байланысты тоқтатылса, онда процестік шығындар сотталушы адамнан өндіріліп алынады.

Жекеше айыптаушы айыптаудан бас тартып қылмыстық іс тоқтатылған жағдайда, шағымы бойынша іс жүргізу басталған адамнан сот процестік шығындарды толық немесе ішінара өндіруге құқылы.

7. Күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға заң көмегін көрсеткені үшін, сонымен қатар ҚПК-нің 76-бабының екінші бөлігінде белгіленген жағдайларда қылмыстық процесті жүргізетін органның тағайындауымен өкіл ретінде қатысқан адвокатқа төленуге тиіс соманы анықтау кезінде бас бостандығын шектеу немесе одан айыру орындарындағы күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізіліп жатқан адамға бару, тергеу және өзге де процестік әрекеттердің жүргізілуін, сот отырысының өткізілуін күту, қылмыстық іс материалдарын зерделеу, сондай-ақ адвокаттың заң көмегін көрсету жөніндегі басқа да іс-әрекеттерін орындау үшін жұмсалған уақытты қоса алғанда, ҚПК-нің 70-бабының бірінші және екінші бөліктерінде көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруға жұмсалған уақыты, олар тиісті құжаттармен расталған жағдайда, есепке алуға жататыны соттарға түсіндірілсін.

Сот тағайындалған қорғаушыға, өкілге заң көмегін көрсеткені үшін төленуге тиіс сыйақы мөлшері туралы мәселелерді үкіммен қатар шығарылған жеке қаулыда немесе ол жария етілгеннен кейін шешеді.

Сот заң көмегіне ақы төлеу туралы қаулыны есептер және қорғауға немесе өкілдік етуге байланысты шығыстарды растайтын өзге де құжаттар қоса берілген адвокаттың жазбаша арызының негізінде шығарады.

Қаулы заң көмегіне ақы төлеу мәселесін реттейтін заңнама нормаларына сәйкес ресімделеді.

Қорғаушылардың, өкілдердің жұмыс уақытын есептеу кезінде адвокаттардың арыздарында көрсетілген мәліметтердің қылмыстық іске олардың қатысуына жұмсалған нақты уақытқа сәйкес келуін сот отырысының аудио,-бейне жазбасын тыңдау, қарау арқылы тексерген жөн.

Қорғаушының, өкілдің еңбекақысын төлеу туралы қаулыны шығару кезінде соттар қорғау мен өкілдік етуге байланысты заң көмегін көрсетуге жұмсалған нақты уақытты, іссапар және өзге де шығыстарды ескереді. Бұл ретте өндірілуге жататын сома қаулыда көрсетілуі тиіс емес, қорғаушының іс бойынша нақты жұмсаған уақыты және осы адам жасады деп күдіктелетін немесе айыпталатын қылмыстық құқық бұзушылықтың санаты көрсетіледі.

8. ҚПК-нің 175-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, егер сарапшы өз функцияларын қызметтік тапсырма тәртібімен орындаған болса, оған еңбекақыны ол штатында тұрған ұйым төлейді.

Сот сараптамасы органдарында сараптама жүргізуге жұмсалған сомалар Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 30 наурыздағы № 325 бұйрығымен бекітілген Сот сараптамасы органдарында сот сараптамасын жүргізудің құнын айқындау қағидаларына сәйкес өндіріледі.

Сараптама жүргізілген кезде сот сараптамасы органдарының сарапшылары мен персоналының жалақысы, әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар, олар сот сараптамасын жүргізгенде тиісті жұмыстардың үстеме шығыстары процестік шығындар ретінде өтелуге жатпайды, өйткені олар бұл жұмысты қызметтік тапсырма ретінде жүзеге асырады және олардың лауазымдық міндеттерінің қатарына кіреді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында немесе сотта өз міндеттерін орындағаны үшін сарапшыға төленетін сыйақы, осы міндеттер қызметтік тапсырма тәртібімен орындалатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 1070 қаулысымен бекітілген Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде адамдардың шыққан шығыстарын төлеу қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) негізінде өндіріледі.

Сараптамалардың түйіндері қылмыстық істі дұрыс шешу үшін маңызды болған, осы сараптамаларды жүргізуге жұмсалған нақ сол процестік шығындар ғана сотталған адамға жүктелуі мүмкін екендігін соттардың ескергені жөн.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы жүргізілуі қажетті емес сараптамаларды тағайындаған жағдайларда, сот бюджет қаражатын негізсіз жұмсалуды болдырмау мақсатында осы органдарға қатысты ден қою шараларын қабылдауға құқылы.

9. ҚПК-нің 178-бабының үшінші бөлігіне сәйкес аудармашының іске қатысуымен байланысты процестік шығындар мемлекет есебінен қабылданады.

Егер аудармашы өзінің міндеттерін қызметтік тапсырма ретінде орындаса, аудармашыға еңбекақыны ол штатта тұрған ұйымға мемлекет өтейді.

Қағидалардың 10-тармағына сәйкес істі қарау кезінде аудармашы жасаған жазбаша және ауызша аудармаларға ақы төленуі тиіс.

Соттар аудармашыларға сыйақылар төлеу туралы шешімді аудармашының арызы негізінде қаулы нысанында қабылдайды, ол қылмыстық-процестік заңнаманың және Қағидалардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

10. ҚПК-нің 178-бабының сегізінші бөлігінде соттың кәмелетке толмаған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылығы жөніндегі істер бойынша процестік шығындарды төлеуді олардың заңды өкілдеріне жүктей алатыны көзделген.

Соттар іс бойынша түпкілікті шешім шығару кезінде процестік шығындарды кәмелетке толмаған адамның жалақысы немесе басқа кірістері болғанда оның өз қаражатының есебінен өндіріп алу мүмкіндігін ескеруге, сондай-ақ оның заңды өкілінің мүліктік жағдайын анықтауға тиіс. Кәмелетке толмаған адамның және оның заңды өкілінің мүліктік жағынан дәрменсіздігі анықталған жағдайда процестік шығындар мемлекет есебінен қабылданады.

11. Тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қарашадағы № 1220 қаулысымен бекітілген Тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты жұмсалған сомаларды есептеу қағидаларында регламенттелген.

Тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты процестік шығындар:

іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде қылмыстық қудалау органының лауазымды адамдарының қызметтік іссапарларының шығыстарынан;

тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының ұстап алу орнынан қылмыстық жауаптылыққа тарту орнына жол жүру құнынан;

тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктінің, айыпталушының, сотталушының ұстап алу орнынан қылмыстық жауаптылыққа тарту орнына жеткізу жолында тұруы үшін қажет болғанда тәуліктік шығыстардан тұрады.

Қылмыстық процесті жүргізуші орган процестік шығындардың сомаларын растайтын құжаттарды қылмыстық іс материалдарына қоса тігеді.

Тергеуден немесе соттан жасырынған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны іздестіруге байланысты процестік шығындарды өндіру туралы мәселені сот қылмыстық

іс мәні бойынша шешілген кезде қарайды. Сот отырысында іздестіруге байланысты шыққан шығыстардың негізділігін мұқият тексеру қажет.

12. Егер іс бойынша іс жүргізу қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында тоқтатылса, қылмыстық іс ақталмайтын негіздермен тоқтатылған жағдайларда, онда тергеу судьясы ҚПК-нің 55-бабы екінші бөлігінің 5) тармағына сәйкес процестік шығындарды өндіру туралы мәселені прокурордың ұсынуы бойынша шешеді.

Соттардың ҚПК-нің 178-бабының бірінші бөлігіне сай тергеу судьясы өзінің құзыретіне кіретін мәселелерді қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ғана қарайтынын ескергені жөн, сондықтан қылмыстық іс мәні бойынша қаралғаннан кейін прокурорлардың процестік шығындарды өтеу туралы ұсынуларын қарауға жол берілмейді.

Тергеу судьялары процестік шығындарды өтеу мәселесі бойынша прокурорлардың ұсынуларын қараған кезде қылмыстық істің материалдарындағы барлық қажетті құжаттардың қоса берілуін талап етуі тиіс.

13. Қылмыстық процесті жүргізетін органға куәлерді, жәбірленушілерді және олардың өкілдерін, куәгерлерді шақыруға байланысты процестік шығындар Қағидаларға сәйкес бюджет есебінен өтелуге жататыны түсіндірілсін.

Қылмыстық процесті жүргізетін органға адамның куә, жәбірленуші, оның өкілі, куәгер ретінде шақырылуына байланысты жұмсалған барлық уақыты үшін жұмыс орны бойынша сақталатын орташа жалақысы процестік шығындарға енгізілмейді.

14. Заттай дәлелдемелерді сақтау мен жіберуге байланысты шығыстар процестік шығындарға қосылады және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 1291 қаулысымен бекітілген Соттың, прокуратура, қылмыстық қудалау және сот сараптамасы органдарының қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді, алып қойылған құжаттарды, ұлттық және шетелдік валютадағы ақшаны, есірткіні, психотроптық заттарды алып қою, есепке алу, сақтау, беру және жою қағидаларының негізінде бюджет қаражаттарының есебінен өндірілуге жатады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы аталған шығыстарды растайтын құжаттарды (хаттама, заттай дәлелдемелерді сақтау туралы акт, жіберілгені туралы пошта түбіртектері және т.б.) сотқа беруге міндетті.

15. Күдікті, айыпталушы қылмыстық процесті жүргізетін органға дәлелді себепсіз келмеген жағдайда, оларды күштеп әкелуге, сондай-ақ сотталушының сотқа дәлелді себепсіз келмеуіне не оның мас күйде келуіне байланысты сот талқылауын кейінге қалдыруға орай жұмсалған сомалар да процестік шығындарға жатады, оларды сот түпкілікті шешім шығарған кезде жоғарыда аталған адамдардан өндіруі тиіс.

Анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға немесе сотқа шақырылған осы аталған адамдардан процестік шығындар сотта істі қарау кейінге қалдыру немесе олардың дәлелді себептерсіз келмеуінен тергеу әрекетін жүргізуді кейінгі қалдыру жағдайларында өндірілетіні түсіндірілсін.

Әрбір нақты жағдайда қылмыстық процесті жүргізетін орган шақырылуы туралы тиісінше хабарланған адамдардың келмеу себептерін анықтауы тиіс.

Күштеп алып келу туралы қаулыны орындау жүктелген ішкі істер органы оның тиісінше орындалғанын растайтын мәліметтерді сотқа ұсынуға міндетті.

16. Процестік шығындар болған жағдайда қылмыстық қудалау органы ҚПК-нің 161-бабында көзделген оларды өндіріп алуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Айыптау актісіне процестік шығындар туралы мәліметтерді қамтитын анықтама қоса берілуі тиіс.

Осыған байланысты сот келіп түскен қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеу органының ҚПК-нің 299-бабы жетінші бөлігінің талаптарын орындағанын немесе орындамағанын тексеруге міндетті.

Қылмыстық іс материалдарында процестік шығындар туралы мәліметтердің болмауы қылмыстық істі ҚПК-нің 323-бабының талаптарына сәйкес прокурорға қайтару үшін негіз болып табылмайды. Сонымен бірге, сот үкім шығару кезінде қылмыстық қудалау органының және айыптау актісін бекіткен прокурордың атына жекеше қаулы шығара алады.

17. ҚПК-нің 390-бабы бірінші бөлігінің 13) тармағына сәйкес сот үкімді шығару кезінде процестік шығындар кімге, қандай мөлшерде жүктелетіні туралы мәселені шешеді.

Егер процестік шығындар туралы мәселе үкім шығару кезінде шешілмесе, онда ол мүдделі адамдардың апелляциялық өтінішхаттары бойынша апелляциялық тәртіппен шешіледі.

Процестік шығындарды өндіріп алу туралы мәселе ҚПК-нің 485-бабында көзделген басқа негіздер болған кезде кассациялық тәртіппен қаралуы тиіс.

Сотталған адамның процестік шығындарды өндіру бөлігінде үкімнің орындалуын кейінге қалдыру, мерзімін ұзарту туралы арызы ҚПК-нің 476-бабының 16) тармағында көзделген тәртіппен қаралуға жатады.

18. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

*Ж.Асанов*

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы*

*Г.Әлмағамбетова*